

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылы 13 қазандағы №03-4576 санды хаты негізінде

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Анаға тағзым» облыстық отбасылық даму әлеуметтік орталығы ағымдағы жылдың қазан-желтоқсан айларында «Отбасыммен оқыған кітап» атты отбасылық шығармашылық байқау өткізетіндігін хабарлай отырып, аталған байқау туралы ақпаратты мектеп оқушылары мен ата-аналарының назарына жеткізуді сұрайды.


Т.Рысқұлов ауданы білім
бөлімінің басшысы

М.Сванов

Орындаған: Г.Абдиева
Телефон: 87474736727

4284 09.10.2025

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІН
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ДЫ ҮЙЛЕСТІРУ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АНАҒА ТАҒЫМ» ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСТЫҚ ОТБАСЫЛЫҚ ДАМУ
ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАЛЫҒЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОМУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТНОЙ
СОЦИАЛЬНОЙ ЦЕНТРЕ СЕМЕЙНОГО
РАЗВИТИЯ «АНАГА ТАҒЫМ»
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ И
ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНОЙ
ПРОГРАММЫ АНИМАЦИИ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080000, город Тараз, улица Казымбек бей көшесі, 140В
тел.: 8 (7262) 96-12-61
e-mail: anaga_tagym2021@mail.kz

080000, город Тараз, улица Казымбек бей көшесі, 140В
тел.: 8 (7262) 96-12-61
e-mail: anaga_tagym2021@mail.kz

09.10.2025 ж. № 124

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасының
басшысы Н.Оршыбековке

Құрметті Нұрбек Әбубекұлы!

Жамбыл облысы әкімінің бастамасымен 2025 жыл – «Әулеата - кітап оқитын өңір» деп жарияланған болатын. Осы аталған жоба аясында «Анаға тағым» отбасылық даму әлеуметтік орталығы 2025 жылдың қазан-желтоқсан айларында «Отбасыммен оқыған кітап» отбасылық шығармашылық байқауын өткізеді.

Байқауға мектеп оқушылары мен олардың отбасы мүшелері қатыстырылады. Отбасылық шығармашылық байқауы кітап оқуға деген қызушылық пен қажеттілікті қалыптастыру және қазақ әдебиетіндегі отбасы институтын нығайту туралы көркем әдебиеттерді оқып-танысу, насихаттау, тұлғалық өсу мен өзін-өзі дамытуды көздейді. Осы арқылы оқушының шығармашылық дарындылығын анықтау және қолдау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында өтеді.

Сізден жас өрендердің рухани дамуына, ұрпақтар сабақтастығының нығаюына бағытталған байқауға Тараз қаласы мен аудандық білім бөлімдеріне қарасты мектептердің оқушылары мен ата-аналарының белсенді қатысуына ықпал етуіңізді сұраймын.

Қосымша: Байқау Ережесі тіркелді (4 бетте).

Директор

Э.Мырза-Ғали

Қосымша: Байқау Ережесі тіркелді (4 бетте). Қосымша: Байқау Ережесі тіркелді (4 бетте).

Орындаған: Қ.Қаржауқызы
тел.: 8 708 179 8199


000002

Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Анаға тағзым» Жамбыл облыстық отбасылық даму әлеуметтік орталығы» КММ

Жамбыл облысы әкімінің «Әулиеата - кітап оқитын өңір» жобасы аясында өтетін

«ОТБАСЫММЕН ОҚЫҒАН КІТАП»


отбасылық шығармашылық байқауы



Тараз – 2025 жыл

«БЕКІТЕМІН»

Жамбыл облысы әкімдігінің
жұмыспен қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысының м.а.



Б.Мұқанов
2025 жыл

«Отбасыммен оқыған кітап» отбасылық шығармашылық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Бұл Ереже «Отбасыммен оқыған кітап» атты отбасылық шығармашылық байқауының мақсат-міндеттерін, өткізу тәртібі мен ұйымдастыру шарттарын белгілейді.

Байқау отбасы мүшелерінің бірлесіп кітап оқу дәстүрін жаңғырту, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, рухани тәрбие мен шығармашылық қабілеттерді дамытуды көздейді.

2. Байқаудың мақсаты:

- Отбасылық құндылықтарды нығайту;
- Кітап оқу арқылы отбасы мүшелерінің бірлігін арттыру;
- Балаларды әдебиетті сүйеге тәрбиелеу;
- Отбасында оқу мәдениетін дамыту;
- Көркем әдебиет арқылы тұлғалық және рухани дамуға ықпал ету.

3. Байқаудың міндеттері:

- Көркем шығармалар мазмұнын бірлесіп талқылауға дағдыландыру;
- Тіл байлығын, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілетті дамыту;
- Эмоциялық интеллект пен пікірлесу мәдениетін қалыптастыру;
- Әдебиет арқылы отбасылық құндылықтарды насихаттау.

4. Байқаудың қаржыландырылуы.

Байқауды қаржыландыру бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5. Байқауды өткізу мерзімі.

2025 жылдың қазан-желтоқсан айлары аралығында өткізіледі. Байқаудың қорытынды іс-шарасы 2025 жылы желтоқсан айының басында өтеді.

6. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Үйлестіру және ұйымдастыру жұмысы үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Жұмыстарды бағалау және номинациялар бойынша жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасы сайланады, оның құрамына зиялы қауым өкілдері мен шығармашылық одақтардың мүшелері кіреді.

Байқауға қатысу үшін өтініштер қазан айының 13-іне дейін қабылданады.

Байқау 2 кезеңнен тұрады: негізгі және шешуші.

1-шарт: Бейнеролик түсіру

Байқаудың бірінші шарты бойынша қатысушы отбасылар жазушы Таласбек Әсемқұловтың “Талтүс” романын оқуы тиіс. Осы шығарманы негізге ала отырып, отбасы мүшелері кітапқа шолу жасайтын бейнеролик түсіреді.

- Ұзақтығы: 2–3 минут (Егер айтар ойыңыз 1 бейнероликтің көлемінен асып кеткен жағдайда, ұзақтығы дәл осындай тағы 1 бейнеролик түсіруге рұқсат етіледі)
- Бейнероликте мына сұрақтарға жауап берілуі керек:
 - Кітап не туралы?
 - Бұл кітап отбасыңызға қандай ой салды?
 - Кейіпкерлердің бірімен өзіңізді салыстырып көріңіз.
 - Автордың айтуындағы негізгі ойды қалай түсіндіңіз?

Бағалау: мазмұн тереңдігі, креативтілік, видео сапасы, отбасы мүшелерінің белсенділігі

Бұл жұмыстар 2025 жылдың 29 қазанына дейін қабылданады. Жұмыстар әр қатысушының #отбасымменокығанкітап хэштегімен жеке әлеуметтік желі *Instagram, Facebook, TikTok*/ парақшаларына салынып, “Анаға тағзым” орталығының әлеуметтік желі *Instagram: @anaga.tagzum_taraz, Facebook: Анаға Тағзым Орталығы, TikTok: anaga.tagzum*/ парақшаларына соавторлық жіберуі тиіс.

2-шарт: Шығарма жазу.

Байқаудың 2-шартының тапсырмасы бойынша қатысушы отбасылар жазушы Тынымбай Нұрмағамбетовтың “Айқай” повесін оқып, отбасы мүшелері шығармадан түйген ойын Эссе түрінде немесе *Сырласу хат /ата-анасы баласына, баласы ата-анасына, бауырлары/* түрінде жазады. *Бағалау: идеяның ерекшелігі, шығармашылық көзқарас, мазмұн мен көркемдік тұтастық*

Бұл жұмыстар 2025 жылдың 12 қарашасына дейін қабылданады. Жұмыстар 8 775 175 7074 ватсап нөміріне жолдануы қажет. Қатысушының берген жұмыстарын қарағаннан кейін арнайы комиссия шешім қабылдайды. Байқаудың негізгі кезеңінің шарттарын толық орындап, комиссия шешімі бойынша үздік деп танылған 10 отбасы шешуші кезеңге жолдама алады.

3-шарт: Сахналық қойылым.

Шешуші кезеңде 2025 жылы мерейтойы аталып өтетін қазақ әдебиетінің алыптары — ұлт руханиятының шамшырағы, сөз өнерінің саңлақтары саналатын қаламгерлер мен жазушылардың /Абай Құнанбаев - 180 жыл, Міржақып Дулатов - 140 жыл, Сапарғали Бегалин - 130 жыл, Нығмет Нұрмақов - 130 жыл, Сәбит Мұқанов - 125 жыл, Өтебай Тұрманжан - 120 жыл, Бауыржан Момышұлы - 110 жыл, Ілияс Есенберлин - 110 жыл, Әнуар Әлімжанов - 95 жыл, Қалихан Сқақ - 90 жыл/ кез келген шығармасын таңдап, сол шығарма негізінде 3-5 минуттық сахналық қойылым дайындау тапсырмасы беріледі.

- Қойылым ұзақтығы: 3-5 минут;
- Қатысушылар шығарма идеясын ашатындай маңызды диалогтар мен көріністерді таңдайды;
- Қойылымда отбасындағы кемінде 2 адам ойнауы керек (ата-әжесі, әке-шешесі, балалары)

Бағалау: көркемдік шеберлік, актерлік ойын, көріністің мағынасы, сахналық киім, декорацияның үйлесімі

7. Байқаудың шарттары.

1. Байқауға қатысатын отбасы мүшелері 2 адамнан кем болмауы тиіс. Отбасы мүшелерінің толық қатысуы құпталады (ата-әжесі, әке-шешесі, бауырлары). Жас ерекшелігіне шектеу жоқ.
2. Бағалау критерийлері:
 - Сөйлеу мәнері мен мәдениеті;
 - Тіл тазалығы және сауаттылығы;
 - Эмоциялық әсері, көркемдік шеберлігі;
 - Шығармашылық көзқарас, көркемдік безендіру, креативтілік;
 - Кітап мазмұнын түсіну және негізгі идеясын жеткізу деңгейі;
 - Сыртқы келбеті, киім үлгісі мен эстетикалық талғамы;
 - Отбасы мүшелерінің белсенді қатысуы;
 - Өз ойын еркін жеткізе білуі.

3. Қатысушылар өз өтініштерін түйіндемесімен бірге жіберуі тиіс:

Түйіндемеде мына мәліметтер қамтылады:

- Қатысушының толық аты-жөні;
- Жасы;
- Қысқаша өмірбаяны;
- Фотосуреті;
- Мекенжайы;
- Оқу орны (сыныбы, курсы, мамандығы) жұмыс орны (мамандығы);
- Байланыс телефоны, әлеуметтік желі парақшасы;
- Анықтама үшін телефондар: (8 775 175 7074; 8 708 179 81 99).

8. Марапаттау.

Сыйлық қорын байқаудың ұйымдастыру комитеті қамтамасыз етеді. Жеңімпаздар дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Байқау 2025 жылдың желтоқсан айында қорытындыланып, жарияланады.

Байқаудың жеңімпаздары туралы ақпарат «Анаға тағзым» Жамбыл облыстық отбасылық даму әлеуметтік орталығы» КММ әлеуметтік желідегі парақшаларына және БАҚ-та жарияланады.

Марапаттар: 1 орын, 2 орын, 3 орын жеңімпаздары анықталып, дипломдармен, бағалы сыйлықтармен, жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқауды ұйымдастырушы тарап күтпеген мән-жайлар туындаған кезде, сондай-ақ қаржылық мүмкіндіктерге байланысты белгіленген қаржылай сыйақы көлемін қайта қарау немесе өзгертуге құқылы. Сыйлық көлемін өзгерту туралы түпкілікті шешім Байқаудың әділқазылар алқасының және ұйымдастыру комитетінің бірлескен шешімімен қабылданады. Қатысушылар мұндай өзгерістерді қабылдайды және оған қарсылық білдірмеуге міндеттеледі.

№ р/с	Ата-әжесінің, әке-шешесінің толық аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Өңірі, жұмыс орны, қызметі	Байланыс телефон номері, әлеуметтік желі парақшасы
1				

№ р/с	Оқушының толық аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Өңірі, мектебі, сыныбы	Байланыс телефон номері, әлеуметтік желі парақшасы
1				